

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарин



**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ БОЙЫНША БІЛІМ
БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН**

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ

**ДЛЯ РУКОВОДИТЕЛЕЙ ОРГАНИЗАЦИЙ ОБРАЗОВАНИЯ ПО
ИСПОЛЬЗОВАНИЮ СИСТЕМЫ ЭЛЕКТРОННОГО ОБУЧЕНИЯ**

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 8 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 18 сентября 2015 года)

Электрондық оқыту жүйесін қолдану бойынша білім беру ұйымдарының басшыларына арналған әдістемелік ұсынымдар.–Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.

Методические рекомендации для руководителей организаций образования по использованию системы электронного обучения.– Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 32 с.

Бұл әдістемелік нұсқауда электрондық оқыту жүйесінің (ЭОЖ) әкімшілік модульдерінің ерекшеліктеріне сипаттама берілген. Сонымен бірге «Жоспарлау», «Сабақ кестесі», «Контингент», «Қызметкерлер», «Іс қағаздарды жүргізу», «Есептер» және «Қосымшалар» сияқты модульдермен жұмыс жасау бойынша әдістемелік нұсқау беріліп отыр.

Әдістемелік нұсқау облыстық (аудандық) әдістемелік кабинеттерінің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру жүйесі ұйымының басшыларына, бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған.

В настоящих рекомендациях дана характеристика особенностям административных модулей СЭО, даны методические рекомендации по работе с модулями «Планирование», «Расписание», «Контингент», «Сотрудники», «Делопроизводство», «Отчеты» и «Дополнительное».

Методические рекомендации адресованы руководителям областных (районных, городских) управлений образования, директорам школ и колледжей.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2015

Мазмұны

	Кіріспе	4
1	Электрондық оқыту жүйесіндегі әкімшілік модульдерінің ерекшеліктері.....	5
2	«Жоспарлау», «Кесте», «Контингент» және «Қызметкерлер» модульдерімен жұмыс бойынша әдістемелік нұсқаулар.....	15
3	«Іс қағаздарды жүргізу», «Есептер» және «Қосымша» модульдерімен жұмыс бойынша әдістемелік нұсқаулар.....	26
	Қорытынды.....	28
	Глоссарий.....	29
	Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	30
	Қосымша.....	31

Кіріспе

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасындағы ең басты міндеттердің бірі болып табылатын білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу белсенді түрде жүзеге асуда. Берілген бағдарламаның мақсаты білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру қорлары мен технологияларға қол жетімділігін қамтамасыз ету.

Білім беру ұйымының басшысы бұл бағдарлама әрекетінің үйлестірушісі болып табылады, сондықтан әдістемелік басшылықтың мазмұны электрондық оқыту жүйесін қолдану әдістемесін қамтиды.

Әдістемелік нұсқаудың құрылымы келесі модульдерден тұрады: Жоспарлау, Кесте, Контингент, Қызметкерлер, Іс-қағаздарды жүргізу, Есептер және Қосымша. Әр модульде мектепті басқару бойынша электрондық оқыту жүйесіндегі жұмыстың толық сипатталуы мен әдістемесі берілген. Мысалы, жұмыс оқу жоспары базистік және типтік оқу жоспарлары негізінде құрылады.

Берілген құжатты жалпы білім беретін мектептің педагогикалық кеңесі бекітеді. Педагогикалық кеңестің шешімі негізінде мектеп директоры оқу жоспарын бекіту туралы бұйрық шығарады. Әрі қарай оқу жоспары педагогикалық ұжымына дейін жеткізіледі. Бекітілген оқу жоспары негізінде ағымдық оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің оқу жүктемелерін бөлу жүзеге асырылады, жалпы білім беретін мекемедегі оқу сабақтарының кестесі құрылады. «Жоспарлау» модулі осындай алгоритм бойынша жұмыс істейді.

Модульдің әрқайсысын сипаттау үшін «Электрондық оқытудағы ақпараттық жүйесінің техникалық тапсырмасы. Директор пайдаланушының басшылығы және мектептің оқу меңгерушілері» техникалық тапсырмалары қолданылды. Әр модульді сипаттау барысында электрондық оқыту жүйесі енгізілген республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі басшылардың іс-тәжірибесі де басшылыққа алынды.

1 Электрондық оқыту жүйесіндегі әкімшілік модульдерінің ерекшеліктері

Электрондық оқыту жүйесі (ЭОЖ) бұл мемлекеттік кең ауқымды жоба. Негізгі міндеті автоматтандыру үшін білім беру ұйымдарының барлық үдерістерінде сандық технологияларды қолдану, нормативтік-құқықтық базаны, қызметкерлердің кадрлық есебін, есептер мен құжаттаманың өңдеуін, мектеп кестесін жүргізуді жақсарту және жеделдету болып табылады. Осылайша, білім беру ұйымының әкімшілігі артық қағаз жұмысынан арылады.

Берілген жүйенің тиімділігін біз тек кең жолақты интернет желісінің қамтылуымен ғана емес, сонымен қатар бұл арналар бойынша оқушылардың алған білімдерімен байланыстырамыз. Біздің ойымызша, мұнда **іздеу – бағалау – таңдау – кескін** сияқты аксиологиялық тәсілдер негізге алынады да, құндылық бағыттар тетігі іске қосылады.

Педагогикалық қызметте жаңа тәсілдерді қолданатын педагогикалық қызметкерлер кәсіби ортада өздерін белсенді көрсете алуы керек.

Инновациялық жобалар кең апробацияны, яғни тәжірибе мен пікірлермен алмасуды, кең талқылауды, кәсіби бұқаралық басылым құралдарында және мұғалімдердің желілік қоғамдастығында баяндауын талап етеді.

Электрондық оқыту жүйесін енгізу үшін мектептің ақпараттық кеңістігін құру қажет.

Ақпараттық кеңістікті құрастырудың шарттары:

- АКТ туралы нормативтік және әдістемелік базаны зерттеу;
- Мектеп инфрақұрылымының өзгерісі, қазіргі талаптармен сәйкесті болуы;
- Ұстаздың кәсіби өсуін дәлелдейтін ортаны құру;
- Қойылған міндеттерге сәйкес ұжымдағы психологиялық жағдаятты зерттеу;
- «мұғалім-оқушы-ата-ана» арасындағы өзара қарым-қатынастық ахуалын қамтамасыз ету;
- АКТ құралдарын қолдануда денсаулықты сақтайтын технологияларды қамтамасыз ету;
- эргономика және эстетиканың талаптарын сақтау; білім беру үрдісінде АКТ-ны енгізуді оңтайландыру мен диагностикалауда еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыру жағдайларын негізге алу.

➤ Мектепті ақпараттандыру келесі 3 компоненттің динамикалық түрде дамуынан тұрады:

1) Техникалық құралдардың жиынтығы (технологиялық орта);

2) Қолданушылардың ақпараттық-коммуникациялық мәдениетін қалыптастыру;

3) Программалық құралдардың және ақпараттық ресурстардың жиынтығы.

Мектептің ақпараттық кеңістігін құру формалары:

➤ АКТ-технология (реферат, презентация, сайт, флэш-анимация, коллаж, программа және т.б.);

➤ АКТ-әдістеме (сабақтың дидактикалық материалдары, иллюстративтік

материал, тәрбие жұмысының әдістемелері, диагностикалық тест, сабақтың электронды түрдегі конспектісі, үйірме жұмыстары және т.б.);

➤ АКТ-қоры (электрондық оқулықтармен, оқу дискілерімен жұмыс, ҰБТ репетиторы, МАБ тест материалдары, кино-бейнефильмдер көру, Интернетте электрондық энциклопедиядан ақпараттар іздеу, мектептің деректер қорымен жұмыс жасау және т.б.)

Білім беру ұйымының ақпараттық кеңістігін құру үшін технологиялық сызбаны құрастырамыз. Технологиялық сызба жұмыстың **бағыттарынан, іс-шаралардан және тиімділік көрсеткіштерінен** тұрады. Осы сызба педагогтарға мектептің ақпараттық кеңістігін құру тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді (1-кесте).

1-кесте – Білім беру ұйымының ақпараттық кеңістігін құрудың технологиялық сызбасы

№	Жұмыстың бағыты	Іс-шара	Тиімділік көрсеткіші
1	2	3	4
1	Білім беру ұйымында ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымды дамыту	1. Мектептегі бар компьютерлердің бағдарламаларына және техникаларына қарау, оның ішінде жергілікті желіні құру. Білім беру ұйымының Интернет-сайтын құру және оған қолдау көрсету	1. Электронды түрдегі қызметтерді алатын ата-аналар үлесі 2. <i>Web</i> -беттері бар педагогтар үлесі Қашықтық режимінде жұмыс жасайтын педагогтар үлесі
2	Білім беру үрдісінің оқу-тәрбие мен басқару жұмыстарында ақпараттық технологияны енгізу	1. Электрондық білім ресурстарын қолданып оқу-тақырыптық жоспарды құру 2. Педагогтардың <i>web</i> -беттерін құруы және оны жасауы 3. Басқару жұмыстарында бағдарламалық өнімдерді қолдану 4. Біліктілік деңгейде бағалауда АКТ-ны қолдану деңгейі 5. Біліктілік деңгейін бағалау кезінде АКТ қолдану дәрежесін ескеру	1. АКТ-ны жүйелі түрде қолданатын оқушылар мен педагогтар үлесі 2. Электрондық білім ресурстарын (ЭБР) қолданып, өткізілетін сабақтар санының үлесі 3. Электрондық «портфолиосы» бар оқушылардың үлесі

1-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
3	Ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізу мониторингісі және оны бақылау	1. Аттестаттау және диагностикалау үшін электрондық ресурстарды құру 2. Білім беру ұйымының ақпараттық кеңістігін ұйымдастыру мониторингісі 3. Интернет ресурстарына қолжетімділігін бақылау	1. Электрондық ресурстарды қолданудың білімі мен біліктілік деңгейін анықтау диагностикасына қатысатын оқушылар үлесі 2. АКТ-құзырлылығы жоғары деңгейдегі педагогтар үлесі

Электрондық оқыту жүйесін енгізудің тиімділігі:


➤ *кез келген уақытта ашық* – бүгінгі немесе болашақтағы ұстаздар білім беру қорларын, курстарды, он-лайндық қоғамдарды немесе қайта даярлау бағдарламаларын өздеріне ыңғайлы кез келген уақытта бағалай алады;

➤ *кез келген жерде ашық* – үйренушілер басқалармен қатынасады немесе қорларды пайдалана алады, Интернет желісіне қосылған компьютер бар болса, кез келген орыннан нұсқау және сараптама алады;

➤ *бірлескен жұмыс және желілік қоғамдар* – электрондық оқыту ұстаздарға бірлескен жұмыстар және зерттеулер өткізу үшін, сонымен бірге проблемалық мәселелерді бірлесіп шешуде, инновациялық технологияларды енгізумен және оқу бағдарламаларындағы тақырыптарды бірлесіп талқылау мен тәжірибелерін ортаға бөлісу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады;

➤ *жаңа педагогикалық амалдар* – электрондық оқыту дәстүрлі парадигманың өзгеру үрдісінде катализатор қызметін көрсете алады; электрондық оқыту дәстүрлі әдістермен салыстырғанда интерактивті ортада оқытуды бірлесіп құрастыруға мүмкіндік туғыза алады.

Портал қосымшаларының қолданбалы қызметтеріне рұқсат беру үшін, жүйенің архитектурасы веб-сервис және ашық стандарттарға негізделген бірігу сызбаларын қолдануға мүмкіндік беруі керек. Мұндай бірігу сызбаларының түрі жұмыс көлемін азайтып, ақпараттық жүйелердің гетерогенді ортаға тән шығындарын қысқартады (1-сурет).



1-сурет – ЭОЖ архитектурасы

Электрондық оқыту жүйесінің қызмет етуі бірқатар компоненттер негізінде құрылады:

- мектепті басқару жүйесі (*SMS*);
- сыныпты басқару жүйесі (*CRMS*);
- оқу үрдісін басқару жүйесі (*LMS*);
- тестілеуді басқару жүйесі (*TMS*);
- пәндер бойынша электрондық әдістемелік жүйелер (*MMS*);
- электрондық психологиялық-мониторингтік жүйе (*MPSMS*);
- ақпараттық-анықтамалық жүйе (*IMS*).

Электрондық оқыту жүйесі келесі қызметтерді, атап айтқанда:

– **білім беру ұйымының әкішілігіне** – *LMS* «Оқытуды басқару жүйесі» есеп беру нәтижелерін автоматтандырады, автоматты түрде және қолмен сабақ кестесін құру, оқушылардың қозғалыс есебі, кадр құрамының есебі және басқа да әкімшіліктің жұмыстарын орындауға;

– **педагог ұжымына** – тақырыптық жоспарлауға, электрондық сынып журналдарын және күнделіктер жүргізуге, білім беру үрдісінде сандық білім беру контентін қолдануға;

– **оқушыларға** интерфейс арқылы ақпараттық киоскілерге немесе интернетке жіберілетін ақпараттарға рұқсат берілген: сабақ кестесін көруге, үйге берілген тапсырмаларды орындауға, хабарландыруларды оқуға;

– **ата-аналарға** интернет желісінде өздеріне қажетті ақпараттарды алуға рұқсат берілген: өз баласының бағалары, сабақ кестесі, үйге берілген тапсырмаларға; сонымен бірге баласының бағалары туралы мәліметті ата-

аналардың сұранысына *SMS* - хабарлама немесе *e-mail* бойынша жіберуге мүмкіндік береді.

Оқытуды басқару жүйесінің негізгі субъектілері **ОҚУ ІСІНІҢ МЕНҒЕРУШІСІ, МҰҒАЛІМ, ОҚУШЫ** және **АТА-АНА** болып табылады. Субъектілердің арасында электрондық оқыту жүйесінің элементтерін басқару виртуалды векторлық қозғалыста болады. Әрбір субъектіге *LMS*-тың элементтерін орындаудың нақтылы қозғалысы қойылған. Виртуалды векторлық қозғалыстың схемасы 2-суретте берілген.



2-сурет – Оқытуды басқару жүйесінің (*LMS*) виртуалды векторлық қозғалысы

LMS – Learning Management System (оқыту үрдісін басқару жүйесі), оқу үрдісінің барлық қатысушыларына (мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар) оқытуды интерактивтік режимде және де on-line мен off-line режимдерінде, Портфолио және дербес блогтар арқылы кәсіби бағытта тәжірибелер алмасу, оқушылардың үлгерім динамикасын бақылайтын, оқушылар рейтингісін жүргізуді, ұстаздардың, мектеп әкімшілігінің және т.б. әрекеттерді басқарады.

Оқытуды басқару жүйесі – (*Learning Management System*) оқу қызметін басқару жүйесінің негізі, өңдеу, басқару және оқу он-лайн материалдарын тарату үшін қолданылатын бірлескен рұқсатпен қамтамасыз етілетін жүйе. Жүйенің негізгі бағыты оқыту ортасында тапсырмалар мен үйрету материалдарын кез келген педагог жасай алатындығымен сипатталады. Жүйенің құрамына әр түрлі жеке тапсырмалар, аз топтың жобалары және барлық мектеп оқушылары үшін мазмұндық компонентке негізделген элементтері мен коммуникативтік оқу құралдар енеді.

Контентті басқару жүйесі (*Content Management Systems – CMS*)

Контентті басқару жүйесінде электрондық оқу материалдарын орналастыруды әр түрлі форматта және оған манипуляция жасау мүмкіндігін ұсынады. Әдетте мұндай жүйе деректер қорларының интерфейсін қосады, білім беру контентін жинау мен кілт сөздерін іздестіру мүмкіндігінен тұрады.

Контентті басқару жүйесінің тиімділігі, онда педагогтардың едәуір құрамы курстарды құрумен жұмыс жасағанда, оқу материалының бір бөлігін бірнеше рет әр түрлі курстарда қолдана алады.

Электрондық оқытуды ұйымдастыру жүйесінің талаптары:

- **функционалдық** жүйеде әр түрлі деңгейдегі қызметтер жиынтығын, атап айтқанда, форумдар, чаттар, оқушының белсенді түрде талдауы, курстарды басқару және т.б. әрекеттерді белгілейді;

- **сенімділік** базадағы шаблондарды жаңартудың оңтайлығын және әкімшілікке ыңғайлылығын сипаттайды. Оны қолдану тиімді және де қолданушылардың қатынастарына ықпал ететін сыртқы әсерлерден қорғау және оны басқару ыңғайлы;

- **тұрақтылық** белсенді қолданушылардың жұмыс жасау деңгейі және әр түрлі жұмыс тәртіптеріне қарағанда жүйе жұмысының орнықтылығы;

- **құнкурстарды жасау және пайдалану**, оны енгізудің шығыны, жүйенің құнын шығарады;

- **контентті жасау құралының бар болуы** кіріктірілген редактор оқу контентіндегі курстарды жасауды жеңілдетіп қана қоймай, сонымен бірге әр түрлі мақсаттағы білім материалдары ұсынылған бірыңғай сабақтастыруға мүмкіндік береді;

- **SCORM қолдауы** – яғни, халықаралық негіздегі *SCORM* стандарты электрондық курстардың бір-бірінен айырмашылығын және жүйеде оның қолдауының болмауы мобилділікті төмендетеді және алып жүруге болатын курстарды құруға мүмкіндік бермейді;

- **білімді тексеру жүйесі** он-лайн режимінде оқушының білімін бағалауға мүмкіндік береді. Әдетте мұндай жүйеге тесттер, форумдағы белсенді оқушының білімін бақылау және тапсырмалар енеді;

- **қолдануға ыңғайлы** – бұл маңызды параметр, үздік оқушылар навигацияның жанында ерекше болып көрінетін технологияны ешқашанда пайдаланбайды.

Оқыту технологиясы интуитивті түрде түсінікті болуы керек. Оқу курсына көмекші мәзірді оңай табуы, бір бөлімнен келесі бөлімге және нұсқаушымен қатынасуға оңай өтуі керек:

- **модульдігі** қазіргі электрондық оқыту (ЭО) жүйелерінде курстар бірге басқа да курстарда қолданылатын микромодульдер жиынтығын немесе оқу материалының блоктарын ұсынады;

- **рұқсатпен қамтамасыз ету** – оқушының оқу бағдарламасына рұқсат алуына кедергілер, оларды уақытында және кеңістікте орналастыру, сонымен бірге мүмкін болатын факторлар, оқушының шектеулі мүмкіндігі (дене мүшелерінің шектеулі қызметтері, нашар көру) болмауы керек.

«Электрондық мұғалім бөлмесі» енгізу келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

1. Мектептің бірыңғай деректер қорын жасау

Жалпы мектеп серверінде сынып оқушыларының тізімі және топтар, мұғалімдердің тізімі, сабақ кестесі, тақырыптық жоспарлардың мәліметтері, оқушылардың ата-аналарының тізімі немесе оларды алмастыратын тұлғалар туралы, байланыс мәліметтері және электрондық мекен-жайлары, яғни мектептің бірыңғай деректер қоры жасалады. Оның негізінде барлық оқытушыларда әрбір пән бойынша оқу бірліктері (сыныптар және топтар) автоматты түрде барлық журнал беттері жасалады.

2. Электрондық журнал жүргізу

Пән мұғалімдері серверден синхронды сеанста орнатылған режимде автоматты түрдегі жұмыс орындарына құрылған журнал беттерін өздігінен дәстүрлі журналдар мен дербес қойын кітапшалар орнына пайдалана алады.

3. Мәліметтердің ашықтығы

Сервердегі мәліметтер сынып жетекшілеріне, сынып журналдарын жүргізуге жауапты адамға, директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасарына, мектеп директорына қолжетімді болады.

4. Ата-аналармен кері байланыс

Ата-аналар жедел түрде баланың ағымдағы және қорытынды бағаларын, сабаққа қатысуын, үйге берілген тапсырмалардың мазмұнын, оқушының жауабы туралы мәліметтер алады, сонымен бірге оның сыныптастары туралы үлгерімдік мониторинг нәтижелерін көреді.

Интернет желісінің көмегімен әрбір оқушының логин/паролі арқылы оқушының күнделігінен электрондық түрде ата-аналарға рұқсат мәліметтер ұсынады. Ұсынылатын дербес оқушылардың деректері Қазақстан Республикасы заңының талаптарымен сәйкестендірілген.



3-сурет – Оқытуды басқару жүйесінің (LMS) виртуалды векторлық қозғалыс схемасы

«Электрондық сынып журналы» модулі

Электрондық журналға рұқсат қолданушының кәсіби деңгейіне байланысты келесі әрекеттерді орындауын қажет етеді:

1. Электрондық сынып журналының интерфейсі дәстүрлі түрдегі журналға барынша сәйкес келуі;
2. Журнал сабақ кестесімен және күнтізбелік-тақырыптық жоспарды құрастыру модулдарымен кіріктірілуі;
3. Сабақтардың тақырыбын және өткізілетін күнін, оқушыны автоматты түрде тіркеу мүмкіндігі;
4. Әр түрлі бағалар қою (бес немесе он балдық шкала бойынша), бағаның түрлері (сабақтағы мінез-құлық, бақылау жұмысы, сабақтағы сұрау, үй жұмысына және т.б.) мүмкіндігі;
5. Атрибут қорытынды бағаға сәйкес есептелуі;
6. Тоқсандық және қорытынды бағалардың есептелуі;
7. Тақырыптың өтуін белгілеуі;
8. Оқу үлгерімі және сабаққа қатысу жайлы деректер орталықтандырылған және түрлі есептер шығаруға мүмкіндік беретін он-лайн режимде сақталуы;
9. Сынып журналы *Excel*-де және *HTML* форматында ұсынылуы;
10. Сыныпты топқа бөлу есебі;
11. Модуль *SMS* құрамына енуі керек.

Бұл жүйе оқу орнының электрондық журналын жүргізу қызметі ата-аналар мен оқушыларға мектеп өмірінің барлық оқиғалары туралы *sms*-күнделік, *sms* – хабарлама, *e-mail* немесе интернет желісі арқылы ақпараттарды берумен айналысады.

Сервистің мүмкіндіктері ауқымды және жеделдетілген болып табылады. Оның кейбір мүмкіндіктері төменде келтірілген:

- баланың бағалары туралы ата-аналарға деректер беру;
- ата-аналарға баласының сабақта жоқтығы туралы мәлімдеме беру;
- сабақ кестесінің өзгерісі туралы деректер беру;
- ата-аналар жиналысы туралы хабарландыру;
- мектепке ата-аналарын шақыру туралы хабарландыру;
- үйге берілген тапсырмаларды ата-ананың немесе оқушының электрондық поштасына жіберу;
- алдағы бақылау жұмыстары және емтихан туралы деректер беру;
- жалпы хабарламаларды жіберу (мысалы, сабақтың болмауы);
- мәдени іс-шаралар туралы деректер беру.

Республикадағы электрондық оқыту жүйесін енгізу үдерісі кезінде педагогтарға жаңа ақпараттық ресурстар мен технологиялар ұсынылады. Электрондық оқыту өз бетімен кәсіби тұрғыдан дамуға мүмкіндік береді.

«Мектеп әкімшілігі» жүйесі келесі әрекеттердің орындалуына мүмкіндік береді:

- оқушылардың ата-аналарының қосымша бақылауының негізінде мектеп үлгерімі деңгейінің жоғарылауына;
- *on-line* режимінде сабаққа қатысуын бақылауға;
- ата-аналар мен мектеп қызметкерлерінің және оқушылармен, арадағы өзара виртуалды әрекеттерге;
- жоғарғы сатыдағы білім беру мекемелеріне есептер беруді әзірлеуде уақытты үнемдеуге;
- ептеген пайда табуына және оны мектептің кез келген мұқтажына тұтынуына;
- мектеп мәртебесінің жоғарылауына;
- кадрлардың, оқушылардың контингенті бойынша жиынтық есеп нәтижелерін алуға;
- оқу үрдісі қорытындылары туралы есеп алуға;
- мектеп деңгейінде оқушылардың қозғалыс мониторингісін жасауға;
- қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға;
- Интернет арқылы ақпараттар алмасуға.

Электрондық оқыту жүйесіндегі әкімшілік модулдерінің ерекшеліктері:

- білім беру ұйымдарындағы ағымдық бизнес-үдерістерді ескере отырып, іс-қағаздардың жүргізуін автоматтандыру және әкімшілік саясаты негізінде есептерді қалыптастыру;
- оқушылардың оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуын қадағалап, сонымен қатар мектеп оқушыларының, педагогтар мен әкімшіліктің рейтингін жүргізу;
- *SMS* пайдаланушылардың тіркеуін қамтамасыз ететін мектепті басқару жүйесінде сақталатын пайдаланушылардың бірыңғай рестрімен жүйеге бірыңғай кіру;
- Порталға пайдаланушылар еш бір қауіпсіз кіре алады;
- *SMS* ақпаратын қарау;
- *SMS* пайдаланушылар жұмысын қамтамасыз ету;
- *SMS* -тен пайдаланушылардың шығуы;
- бірізді және бірыңғайланған пайдаланушылар интерфейсі қолдану;
- қарапайым қолдану, навигациядан көмек көрсету (тізімдемелер, хабарламалар, пайдаланушының жұмысы барысында ескерту және көмек көрсету), пайдаланушының абайсыз әрекеттерінен қорғау, өзгертулерді енгізу мүмкіндігі;
- кез келген модульден 3 түрлі тілдегі мәліметтердің шығарылуын қамтамасыз ету;
- ашық жариялауға келмейтін *SMS*-те сақталынатын жеке мәліметтер.



4-сурет – Мектептегі басқару жүйесінің модульдері

2 «Жоспарлау», «Кесте», «Контингент» және «Қызметкерлер» модульдерімен жұмыс бойынша әдістемелік нұсқаулар

«Жоспарлау» модулімен жұмыс істеу үшін браузердің мекенжай жолында сервердің мекенжайын теру қажет: (мектеп серверінің мекенжайы). «Виртуалды мектепке ену», батырмасын басып, логин мен парольді енгізу арқылы жүйені авторизация жасаймыз.

Келесі модульдері бар негізгі бетті қарастырамыз: **Іс-шаралар күнтізбесі, Хабарландыру тақтасы және жеке сабақ кестесі.**

Ескерту: Көрсетілген кесте практикада қолданып жүрген кестеге сәйкес келетіндігін тексеру қажет.

1) Сыныптар, пәндер және оқу мерзімдері бойынша жеке жүктемені көру үшін «**Мұғалімдер бөлмесі \ Жүктеме**» мәзірін таңдаймыз.

2) Жалпы сабақ кестесін көру үшін «**Мұғалімдер бөлмесі \ Сабақ кестесі**» мәзірін таңдаймыз.

3) «**Қолданушының басқаруы**» (оқушылар).

Қолданушының басқару қызметтері «**Сыныпты басқару**» кураторы болып бекітілген мұғалімге рұқсат етілген. Қолданушының басқару қызметіне келесі негізгі кезеңдер жатады:

✓ **Оқушының** жеке дерегін өзгерту.

✓ «**Басқарма\Сыныпты басқару**» мәзірін таңдаймыз.

✓ Тізімге сәйкес келетін сыныпты таңдаймыз. Ескерту: тек сол мұғалім сынып жетекшісі (сын. жет.) болатын сыныптарды ғана көруге болады. Бір мұғалім бірнеше сыныптың жетекшісі бола алады.

Экранның оң жағында олардың жеке дерегі ашылған тізімнен оқушыны белгілейміз.

✓ Қолданушының жеке дерегінде келесі деректерді өзгерте аламыз: *e*-паспортын, мекен-жайын, ата-аналарын және портфолиосын.


✓ Сыныпты топқа бөлу.

➤ «**Басқару\ Сыныпты топқа бөлу**» мәзірін таңдаймыз.

➤ Тізімнен тиісті сыныпты таңдаймыз.

Ескерту: тек сол мұғалім сынып жетекшісі (сын. жет.) болатын сыныптарды ғана көруге болады. Бір мұғалім бірнеше сыныптың жетекшісі бола алады.

➤ Сыныпты таңдап алғаннан кейін экранның оң жағында топқа бөлетін, сонымен бірге топтың атауы бар сыныптың пәндері көрінеді (мысалға пән: ағылшын тілі: 1 топ, 2 топ). Ескерту: Топтар «**Жүктемені бөліп беру**»




5-сурет – Виртуальды мектеп порталы

модулына оқу ісінің меңгерушісін енгізеді.

➤ Қажетті пәнді таңдап «**Редакторлау**» батырмасын шертеміз. Оқушыны қажетті топқа ауыстырамыз.


✓ Бұл бөлуді басқа пәндерге қолдана алу үшін «**Бұл бөлулерді пәндерде қолдану**» батырмасын пайдалана аламыз.



6-сурет – Мектепті басқару жүйесінің негізгі беті

Осы жүйемен жұмыс жасайтын қолданушылар үшін құқықтары бар пән мұғалімдеріне арналған біртіндеп енгізудің нұсқауы болып табылады. Жүйе қызметтерінің толық сипаттамасы, экрандағы суреттермен (скриншоттармен) белгіленген, Жүйені қолданушыға арналған нұсқауда, «**Көмек\ Қолданушыға арналған нұсқау**» бөлімдерінде түсінік берілген.

➤ «**Көмек\Бейне нұсқау**» бөлімдерінде Жүйеде әр түрлі дәрежедегі қолданушылардың жұмыс үрдісінің толық бейнекурстары келтірілген.



7-сурет – Іс-шаралар күнтізбесі

➤ Жүйемен жұмыс істегенде қате табылған жағдайда сіздің ескертуіңізді «Көмек\техқолдау» бөліміне қосуыңыз керек, онда сіз қайтадан авторизация процедурасынан өтуіңіз қажет, одан кейін өзіңіздің Логиніңіз бен пароліңізді пайдаланасыз. Онда ескертулерді жіберу және олардың жұмыс жасау деңгейін зерттеп отыру бойынша нұсқаулар келтірілген.

➤ Ескертулерді жіберуде қиындықтар туындаған жағдайда оларды офистіркеуші арқылы жіберуге болады.

Енгізілген (жеке деректер, сабақ кестесі, жүктеме, сынып оқушыларының тізімі, топтан тағайындалған емес немесе басқа) мәліметтердің сәйкессіздігі табылған жағдайда скайп арқылы бақылап отыратын топтың мамандарына хабарлау керек. Барлық байланыстар «Көмек\Техқолдау» бөлімінде көрсетілген.

Әрекеттердің сипаттамасы

Браузердің мекен-жайы жолында сервердің (мектеп серверінің мекен-жайы) мекен-жайын тереміз.

Предмет	2.А	2.Б	2.В	2.Г	Итого	График
Ресурей тілі және литература	4	4	4	4	16	544
Қазақ тілі	4	4	4	4	16	488
Математика	3	3	3	3	12	408
Құрметті ағарту	3	3	3	3	12	408
Қазақ тілі	1	1	1	1	4	128
Англис тілі	2	2	2	2	8	272
Итого	17	17	17	17	68	2144

8-сурет – Оқу жоспары

\Жүктеме» мәзірін таңдаймыз.

Жалпы сабақ кестесін көру үшін «Мұғалімдер бөлмесі\Сабақ кестесі» мәзірін таңдаймыз.

Предмет	2.А	2.Б	2.В	2.Г	Итого	График
Ресурей тілі және литература	4	4	4	4	16	544
Қазақ тілі	4	4	4	4	16	488
Математика	3	3	3	3	12	408
Құрметті ағарту	3	3	3	3	12	408
Қазақ тілі	1	1	1	1	4	128
Англис тілі	2	2	2	2	8	272
Итого	17	17	17	17	68	2144

9-сурет – Сабақ жүктемесі

(әрбір мұғалімнің тек қана өзі сабақ беретін сыныптарға және пәндеріне рұқсаты болады) «Көрсету» батырмасына басамыз.

«Виртуалды мектепке ену», батырмасын басып, логин мен парольді енгізу арқылы жүйені авторизация жасаймыз.

Келесі модульдері бар негізгі бетті қарастырамыз: **Іс-шаралар күнтізбесі, хабарландыру тақтасы және жеке сабақ кестесі.** Ескерту: Көрсетілген кесте практикада қолданып жүрген кестеге сәйкес келетіндігін тексеру қажет.

Сыныптар, пәндер және оқу мерзімдері бойынша жеке жүктемені көру үшін «Мұғалімдер бөлмесі


Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Күнтізбелік-тақырыптық жоспармен (КТЖ) жұмыс жасау үрдісі келесі әрекеттерді орындау арқылы енгізіледі:

➤ «Мұғалімдер бөлмесі\КТЖ» мәзірін таңдаймыз да, «менің КТЖ» бөліміне өтеміз. Осы бөлім үнсіз келісім бойынша ашылады.

➤ Сынып пен пәндерді таңдау үшін

- Қажетті тоқсанды таңдаймыз. Үнсіз келісім бойынша ағымдағы тоқсан ашылған түрде берілсе, ал қалған тоқсандар бүктетілген түрде беріледі.
- Жаңа тақырыпты қосамыз.
- «Жаңа тақырып» батырмасына басамыз.
- Тақырыпты, қосымша мәліметті және берілетін сағаттың санын енгіземіз.
- Осы тақырып бойынша электрондық курсты ашу үшін электрондық курс пен тиісті оқу модульді таңдаймыз да (+) батырмасына басамыз, оқу курсынан алып тастау үшін (-) батырманы басамыз. Ескерту: Курстардың тізімінде тек қана пәнге байланысты курстар көрсетіледі; электрондық курстар қашықтықтан оқыту жүйесінде өңделеді.
- Сақтау батырмасына басамыз.
- Тақырыптың ретін (керек болған жағдайда) өзгертеміз. Ол үшін тақырыпты таңдаймыз және тышқанның сол жақ батырмасын жібермей, тізімдегі оның қажет орнына жылжытамыз.
- Өшіреміз немесе қажет болса тақырыпты редакторлаймыз. Егер де тақырып сынып журналында қолданылса, жүйе тақырыпты жіберу туралы хабарлама береді.



10-сурет – Сабақ кестесі

- **КТЖ** келесі әрекеттерді қарапшығады: тоқсан бойынша тандалған оқу апталарының санын, сағаттың жоспарлы және нақты саны мен тақырыптың санын.
- Қазіргі КТЖ-дың негізінде жаңа КТЖ-ны құрамыз.
- «Жалпы КТЖ» бөліміне өтеміз.
- Бастапқы **КТЖ-ны** таңдаймыз.

- «Көшірпалу...» таңбасына басамыз.
- Таңдап алған **КТЖ-ға** көшіретін сыныпты таңдаймыз.
- «Көшіріп алу» батырмасына басамыз.
- Жаңадан құрылған **КТЖ** мазмұнын қараймыз.

Сынып журналы

Электрондық сынып журналымен жұмыс жасауда келесі әрекеттерді орындау жүзеге асырылады:

- «Мұғалімдер бөлмесі\журнал» мәзірін таңдаймыз;
- сыныптарды таңдау, пән және топтар болған жағдайда әрбір мұғалім тек қана сабақ беретін сыныптарға және пәніне рұқсаты болады.

Журналда бейнеленетін уақыт аралығын таңдау (журналда нақты тоқсандық, нақты мерзімі (... тен ... дейін), сонымен бірге барлық тоқсандар (тек қана қорытынды бағалар көрсетіледі). Журналдағы сабақтар қазіргі сабақ кестесіне сәйкес жұмыстар көрсетіледі. Сабақ кестесіне сәйкес пәнді қосу мерзімі оны есептеу нүктесі болып табылады. Тек қана журнал осы мерзімнен бастап көрсетіледі:

- таңдап алынған сыныптың\топтың оқушыларының тізімін қараймыз;
- сабақтың мерзімін қараймыз (сабақ кестесін алады; өткен сабақтарды қою түспен белгіленген, сабақтарға қойылған баға міндетті түрде қызыл түспен болуы шарт). Журналды ағымдағы мерзімнен тоқсанның соңғы күніне дейін жүктеу ұсынылады;

➤ Сабақ тақырыбына сәйкес тапсырмаларды қараймыз (үнсіз келісім бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар жүктеледі; тақырыпты журналдың жоғарғы және оң жақ бөлігінен қарауға болады). Сабақты бастау үшін журналда барлық тақырып берілуі керек, егер де өтіп кеткен сабақтар берілмеген болса, онда қажет болса тақырыпты өзгертеміз (мысалға, артта қалуға байланысты) ол үшін редакторлау батырмасына басамыз;

№	Время	Предмет	Доляция работа	Оценки
Понедельник				
1	08:00-08:40	Англ. Яз.	HomeWork	Marka
1	08:00-08:40	Англ. Яз.	HomeWork	Marka
2	08:45-09:25	Худ.труд	HomeWork	Marka
3	09:35-10:15	Кавказский язык	HomeWork	Marka
3	09:35-10:15	Кавказский язык	HomeWork	Marka
4	10:30-11:10	Математика	HomeWork	Marka
5	11:25-12:05	Познание мира	HomeWork	Marka
Вторник				
1	08:00-08:40	Кавказский язык	HomeWork	Marka
1	08:00-08:40	Кавказский язык	HomeWork	Marka
2	08:45-09:25	Физ.ра	HomeWork	Marka
3	09:35-10:15	Худ.труд	HomeWork	Marka
4	10:30-11:10	Математика	HomeWork	Marka
5	11:25-12:05	Русский язык	HomeWork	Marka
Среда				
1	08:00-08:40	Русский язык	HomeWork	Marka
2	08:45-09:25	Литература	HomeWork	Marka
3	09:40-10:20	Англ. Яз.	HomeWork	Marka
3	09:40-10:20	Англ. Яз.	HomeWork	Marka
4	10:15-10:55	Кавказский язык	HomeWork	Marka
4	10:15-10:55	Кавказский язык	HomeWork	Marka

11-сурет – Мұғалімнің сабақ кестесі

➤ Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырма. Сабақтың тақырыбына сәйкес тапсырманы беру үшін **«Тақырыпты редакторлау» («Қарындаш»)** батырмасына басамыз. Пайда болған терезеден біздің тақырыпты алмастыратын мерзімді өзгертеміз\ тақырыпты өзгерту, қажетті тақырыпты таңдаймыз және **«Сақтау»** батырмасына басамыз.

➤ Бағаны қоямыз.

➤ Журналдағы тиісті ұяшықты шертіп, бағаны таңдаймыз.

➤ Үнсіз келісім бойынша тақырып, баға қойылған ағымдағы мерзімнен алынады. Бірақ басқа да тақырыпты таңдауға болады.

➤ Қажет жағдайда, түсініктемені толтырамыз (сабақта, дербес, бақылау, үйжұмысы) да, бағанның түрін көрсетеміз. Ескерту: түсініктеменің және бағаның түрі бағаны таңдауға дейін көрсетіледі (бағаны таңдағаннан кейін сұхбат терезесі жабылады).

➤ Бір сабақта (журналда «,)» таңба арқылы көрсетіледі) оқушыға бірнеше бағаларды қоюға болады.


➤ Тиісті ұяшықты шерту арқылы бағаны алып тастаймыз. *Ескерту:* бағаны қосу, өшіру жайлы есептеу нәтижелері сияқты барлық әрекеттер кімнің қашан, қандай әрекеттерді орындағандығы Жүйеде есепке алынады;

➤ Қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ уақытында тапсырманы қосу. **«Тақырыпты редакторлау» («Қарындаш»)** батырмасын басамыз, ашылған сұхбат терезеден тиісті сабақ үшін қашықтықтан оқыту жүйесі бағанынан (+) батырмасын басамыз. Барлық сыныпқа ағымдағы уақытта берілетін қашықтықтан оқыту жүйесінде тапсырманы таңдаймыз;

➤ Үй тапсырмасын қосамыз;

➤ Журналдың оң жақ бөлігіне тиісті сабақты таңдағаннан кейін (**«сабақтың тақырыбы»** тышқанмен бір рет шертеміз) одан төменде таңдап алынған сабақ бойынша толық мәлімет (сабақтың мерзімі, тақырып және тақырыпқа сипаттама, үйге берілген тапсырма (егер де болса)) ашылады. **«Сабақтың мерзіміне»** қарама-қарсы **«Қосу» («+»)** таңбасын шертеміз;

➤ Ашылған сұхбат терезенің қосымша бетінде **«Үй тапсырмасы (ҮТ)»** үйге берілген тапсырманы мәтінмен енгіземіз (Мысалы, «12-ші жаттығу, 34-ші бет»).



12-сурет – Оқушылардың жеке мәліметтері

Қажет болса, тақырыпты көрсетеміз, белгіні таңдаймыз **«Міндетті түрде орындайтын үй тапсырмасы»** (ҮТ күнделікте қызыл түспен ерекшеленеді), өрісті толтырамыз **«Үй тапсырмасы қысқаша (СМС)»** (егер де оқушының ата-анасы бұл сервиске қол қойса, онда үй тапсырмасы ұялы телефонына жіберіледі).

➤ Қосымша беттен **«Мақсаттық дәрісхана»** алушыларды таңдаймыз. Үй тапсырмасы үнсіз келісім бойынша (сыныпқа тапсырманы жіберу) барлық сыныпқа жіберіледі. Оқушыларға ҮТ жіберу үшін **«Тапсырманы таңдаулы оқушыларға жіберу»**, **«Қосу»** батырмасын басып, оқушылардың тізімінен таңдап алып **«Жабу»** батырмасына басу керек (Бір сабақтың барысында оқушылардың әртүрлі топтарына бірнеше тапсырмаларды беруге болады).


➤ Қажет болса, қосымша беттегі **«Қосымша»** файлды ҮТ қоса тіркейміз»;

➤ **«Үйге тапсырма LMS»** қосымша бетінен курс және осы курстың нақты модулін таңдаймыз. *Ескерту:* Курстардың тізімінде тек қана курстар көрсетіледі; қашықтықтан оқыту жүйесінде электрондық курстарды өндейді;

➤ **«ОК»** батырмасына басамыз және сабақ бөлімдерінде көрсетілген үйге берілген тапсырманы көреміз;

➤ **«Бағаны қою міндеттілігі»** критерийін қоямыз. Тақырыпты редакторлау сұхбатын ашамыз. Әрбір мерзімнің жанында бағаны қою міндетті белгісі болады, белгіге шарт қойып **«Сақтау»** батырмасына (бағаны сақтау міндетті) басамыз. Журналды қайта жүктегеннен кейін, тиісті сабақ (журналдағы баған) қызыл түске боялады. Сонымен бірге, бұл сабаққа оқушыға бағалар салынған болмаса, онда оның мысалы, тегі тізімде жарық түсіреді (асты сызылған және жуан қаріппен ерекшеленеді) тізімде тышқан меңзегішінің көрсетуінде тиісті хабарлама шығып тұрады (мысалы: сабақ бойынша баға салынбаған: 17.03 - **Тақырып: Дауысты дыбыстар**);

➤ тоқсандық бағаны шығару (қорытынды баға).




13-сурет – Пәннің профилі

✓ Журналдан нақтылы орынды таңдап, тоқсанның соңына өтеміз. Егер таңдаулы пән бойынша сабақтар осы тоқсанда көп болып бір экранға симаса, ауыстыру үшін скроломды пайдаланып тоқсанның соңына өту керек. «Тоқс» (тоқсандық баға) бағанның алдында «Орт» (оқушыға қойылған бағалардың негізінде жүйеде орташа баға автоматты түрде оқылады) бағаны орналасады. Тоқсандық бағаны қолдан теру керек;

✓ Қорытынды (тоқсандық және жылдық) бағаларды журналдың «Қорытынды» режимінде шығарып қоюға болады.

«Жоспарлау» бөлімінде параллель бойынша топтастырылған мектеп топтарының тізімі және олар туралы ақпарат бар:

- Сыныптағы оқушылардың жалпы саны.
- Берілген пәндердің жалпы саны.
- Сыныптардың оқу жүктемесі (Мектепке арналған сыныптың апталық оқу жүктемесі).



14-сурет – Сыныптың апталық оқу жүктемесі

Педагогикалық жүктемені құру үшін әр пәннің оқу жоспарында осы параметрлерді анықтау керек:

- Сабақтың ұзақтылығы.
- Топшалардың саны мен құрамы (бөлінген болса).

Келесі, топшаның әр пәніне оқытушыны бекіту қажет (бөлек оқытылатын пәндердің оқытушылары).

Жүйеде ЖОЖ әр оқу кезеңіне жүргізіледі. Сол себептен әр оқу кезеңі үшін бөлек пәннің параметрлерінің анықтау және мұғалімдерді бекіту қажет. Сыныптың пән параметрлері мен оқытушысының бекітілуі пәннің жұмыстық оқу жоспар терезесінде жасалынады.


«Жоспарлау» бөлімі бойынша толық ақпарат Электрондық оқытудағы Ақпараттық жүйесінің пайдаланушылар басшылығында берілген (ББҰ басшыларына арналған, - Б. 20-36).

Сабақ кестесі оқу жоспарлары, жүктемелер, тазалық нормалары мен ережелері, мұғалімдердің тілегі, ауысым бойынша сыныптардың үлестірілуі, сыныптардың топтарға бөлінуі ескеріліп, жүйеде бар мәліметтердің негізінде автоматты түрде әзірленуі тиіс; кестенің ауысым бойынша дайындалуы, сыныптар кестесінің «терезесіз» құрылуы, қарап шығу үшін пән, бөлме, мұғалім, сынып бойынша дайындалуы тиіс; кестелердің әр түрлі формалары, оның ішінде сынып пен мұғалім бойынша үйлестірілуі тиіс; әр түрлі форматтағы кестелердің ұсынылуы тиіс.

Сабақ кестесі Кесте бөлімінде құрастырылады. Кесте бөліміне өту үшін «Перейти к» [1], «Кесте» [2].

Кестені құрастыру үшін келесі параметрлерді таңдау керек:

- Оқу жылы (үндемеу бойынша ағымдық оқу жылы таңдалды).
- Оқу кезеңі (тоқсан немесе семестр).
- Параллель.
- Ауысым (ауысым бойынша кестені бөлу қажеттілігі кезінде).



15-сурет – Сабақ кестесімен жұмыс

«Қызметкерлер» бөлімі педагогикалық кадрлардың сапалық және сандық дерекқорларын енгізуге мүмкіндік береді; мұғалімдерді мамандығы, жасы, өтілі, санаты, біліктілікті арттыру, жас мамандармен жұмысы бойынша орналастыру, тілдерді оқыту разрезінде мұғалім кадрларының сан өзгерісі, еңбек тәртібі, мадақтаулары және т.б. туралы мәліметтер.

«Қызметкерлер» бөлімінде келесі әрекеттер жүзеге асады:


- Дербес деректер (ТАӘ, туған мерзімі).
- Жекелігін куәландыратын құжаттан алынған мәліметтер.
- Жұмысқа қабылдау туралы мәлімет (Келісім нөмірі, мерзімі).
- Лауазымы туралы мәліметтер (ББҰ құрылымдық бөлімшелері, лауазымы).
- Мекенжайы туралы мәліметтер.

Сонымен қатар жүйеде мәліметтерді тіркеу және оларға есеп жүргізу мүмкіндігі бар:

- Еңбек демалысы туралы мәліметтер.
- Мерзімнен тыс жұмыс істеген үшін демалыс туралы мәліметтер.
- Еңбек демалысынан шақыру туралы мәліметтер.
- Ауру парақшалары туралы мәліметтер.
- Жұмыстан шығу.
- Міндеттерін табыстау.

3 «Іс қағаздарды жүргізу», «Есептер» және «қосымша» модульдерімен жұмыс бойынша әдістемелік нұсқаулар

ББҰ іс қағаздарын жүргізу бөліміне өту үшін «Басқару» [1], «Іс қағаздарды жүргізу» [2] бөлімдерін таңдау керек.



17-сурет – Іс қағаздарын жүргізу

«Іс қағаздарды жүргізу» бөлімімен жұмыс істеген кезде келесі операциялар орындалады:

- шығыс корреспонденцияны есепке алу;
- кіріс корреспонденцияны есепке алу;
- қатаң есептіліктің бланкаларын есепке алу;
- берілген аттестаттарын есепке алу;
- берілген грамоталарды есепке алу.

Оқу үдерісіндегі жоспарлау құжаттарының құрастыруына және ОҮ жүргізуіне қарай (Бағалау журналын толтыру) Жүйеде есеп құжаттары қалыптасады. Есеп құжаттары бөлек топтар үшін қалыптасады.

Жүйеде ОҮ Жоспарлауының Есеп құжаттары қалыптасады:

- Топтың жұмыс оқу жоспары.
- Топ оқу үдерісінің кестесі.
- Педагогикалық жүктеме.

Жүйеде оқыту үдерісін жүргізудің Есеп құжаттары қалыптасады:


– Оқушының бағалары бойынша есеп (бөлек оқушы бойынша қалыптасады).

– Топтың қатысуы бойынша есеп.

– Топтың үлгерімі бойынша есеп. Берілген есеп оқу жылы бойынша қорытынды бағаны қойғаннан кейін қалыптасады.

Есептерді ашу үшін Жоспарлау бөлімінен Топтың терезесін ашу қажет.

Топ терезесінде «Есеп» батырмасын басып, өзіне қажетті есепті таңдау қажет.



18-сурет – Есептіліктер алу

Егер бір аптаның ішінде тапсырмалардың түрлерін жоспарлау керек болса, қосымша тапсырмалар түрін қосу керек – Қосу батырмасына басу. Экранда сағаты бар жол пайда болады.

Берілген жолда келесі операцияларды орындауға болады:

- Бөлек тапсырмалардың түрлері бойынша (әр топшаға бөлек) Қосымша оқытушыны таңдау [1].
- Сабақтардың Типтерін өзгерту [2].
- Апталарда сағаттарды қою [3].

Тип занятия	Учитель	1	2	3	4	5	6	Всего
Часы для подгруппы №1								
Классно-урочные	Азоевская Валентина Юрьевна	8	8	8	8	0	0	32
Зачет	Азоевская Валентина Юрьевна	0	0	0	0	0	0	0
	Всего	8	8	8	8	0	0	32
Часы для подгруппы №2								
Классно-урочные	Амангазина Гульнуур Амангазыевна	8	8	8	8	0	0	32
Зачет	Азоевская Валентина Юрьевна	0	0	0	0	0	0	0
	Всего	8	8	8	8	0	0	32

Внимание!
 После нажатия на кнопку "Продолжить" будут созданы уроки на все учебные периоды и созданный план предмета уже нельзя будет изменить.
 Внимательно проверьте даты учебных периодов, количество часов, подгруппы, учителей и продолжительность занятий!

19-сурет – Тапсырма түрлерін жоспарлау

Егер бір пән бойынша дәріс курсы мен тәжірибе курсы жоспарланып, ал Баға журналы, сонымен бірге, әрине, Қорытынды баға да бөлек қойылған жағдайда, Пәннің дәрістері мен тәжірибелерін бөлек оқу курстары ретінде жоспарлап, оқытушыны бекіту және Сабақ кестесін бөлек жоспарлау қажет.

Қорытынды

Электрондық оқыту жүйесін енгізген жағдайда мектеп басшысы келесі міндеттерді атқарады:

- мектептегі электрондық оқыту жүйесінің енгізуін талдайды;
- мектептегі ақпараттандыру үдерісі мен мектеп дамуының стратегиясын түзетуге арналған электрондық оқытудағы өзгерістердің тенденцияларын болжайды;
- мектептегі электрондық оқыту жүйесінің енгізуін жоспарлайды және ұйымдастырады;
- электрондық оқыту жүйесін енгізу сұрақтары бойынша білім беру үдерісінің барлық субъектерінің өзара әрекетін үйлестіреді;
- мектептегі электрондық оқыту жүйесінің енгізу үдерісі мен электрондық оқыту жүйесінің енгізу үдерісіндегі қатысушылардың ынталандырылуы жүйесінің жүзеге асуын басқарады;
- мектептегі электрондық оқыту үдерісінің жүзеге асуын, электрондық журналдардың уақытылы толтырылуын, мектеп пәндерінде сандық білім беру ресурстарының қолданылуын қадағалайды;
- мектептегі электрондық оқыту бағдарламаларының негізгі бағыттарының жүзеге асуын реттейді, Қазақстан Республикасының Білім және ғылыми министрлігімен байланысын уақытылы қамтамасыз етеді;
- білім беру және басқару қызметіне электрондық оқыту мен ақпараттық және коммуникациялық технологияларын енгізу әдістерін өндейді;
- ЭО мен мектепті ақпараттандыру бағдарламаларының қатысушыларына әр түрлі сұрақтар бойынша кеңес береді;
- ЭО мен мектеп қызметіне ЭО енгізу және сыртқы ұйымдармен қатынас орнату бойынша ұсыныстар мен ЭО қатысты мектептің стратегиялық құжаттарының сараптамасын жүзеге асырады;
- Мектеп мұғалімдері құрастырған білім беру сандық ресурстарының мазмұнын редакциялайды;
- Электрондық оқыту жүйесін енгізу моделінің құрылуына, мектептің электрондық құжат айналымын ұйымдастыру мен жүргізуіне қатысады.

Жоғарыда келтірілген мектеп басшыларының қызметтері мектепті ақпараттандыруға қойылатын талаптарды қанағаттандырады. Мектеп басшыларының АКТ-құзырлылығын қалыптастыру үшін мектепті басқаруда электрондық оқыту технологияларын қолданудың инновациялық әдістері мен формалары қарастырылған. Электрондық журнал мен күнделікті толтыру, мектептің жұмыс жоспары, электрондық сабақ кестесін қолдану және т.б. әрекеттерді орындау алгоритмі сипатталған.

Глоссарий

1. ***E-learning*** – бұл оқу және оқыту форматы, білім беру контенттерінің электрондық формасына электрондық құралдарды, компьютерді, ұялы телефонды, коммуникаторларды қолданып, білімді басқару жүйесі (*LMS*) және интерактивтік оқыту платформасына негізделген сабақ беру формаларының бірі.

2. **Жоспарлау** – пайдаланушыларға берілген рөлге байланысты олардың ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді жоспарлауды жүзеге асыруына мүмкіндік беретін құрал және ол келесі бөлімдерден тұрады: оқу жоспарлары мен бағдарламалары, күнтізбелік тақырыптық жоспарлар.

3. **Оқу жоспары** – Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының оқу бағдарламасына сәйкес жылдық және айлық оқу жоспарларын дайындау; базистік оқу жоспары мен сағаттар торын; мұғалімдердің негізгі және қосымша жүктемелерін үлестіру; оқылатын пәндердің құрамын анықтау құралы.

4. **Күнтізбелік-тақырыптық жоспар** – тоқсан бойынша КТЖ-ны толтыру үшін мұғалімдерге қолайлы құрал. КТЖ мұғалімге өзгерту үшін, директорға, директордың орынбасарына қарап шығу үшін қолжетімді болады.

5. **«Кесте»** – сабақтардың кестесін, сабақтан тыс жұмыстардың (үйірмелердің, факультативтердің және т.б.) кестесін және қоңыраулардың кестесін автоматты түрде дайындауға арналған.

6. **«Электрондық журнал»** оқушылардың үлгерімі мен қатысуын есепке алудың құралы болып табылады, оқушы білімінің сапасын бағалау жүйесінің мөлдірлігін және ата-аналармен үнемі өзара әрекеттесу, оқыту нәтижелері туралы оларды хабарландыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдырға арналған мемлекеттік бағдарлама. – Астана, 2010.

2 2010-2015 ж.ж. арналған электрондық оқыту жүйесінің концепциясы. – Астана, 2010.

3 Электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі (ЭО АЖ). Пайдаланушы басшылығы мен оқу-техникалық материалдар. – Астана, 2013.

4 Мектепті басқару жүйесінің педагогикалық архитектурасы туралы ереже (SMS). – Алматы, 2011.

5 Электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі (ЭО АЖ). Жаңа тоқсанда жұмыс оқу жоспарларын құру бойынша нұсқаулық. – Астана, 2013.

Интернет-ресурстар

1 www.e.edu.kz

2 <https://e.edu.kz/ru/administration.html>

3 <https://e.edu.kz/61/->

[/document_library_display/pZlnBM7EsmAz/view/5354277? 110 INSTANCE_pZlnBM7EsmAz_redirect=https%3A%2F%2Fe.edu.kz%2F61%2](#)

Қосымша

Электрондық оқыту жүйесін енгізу кезіндегі мектеп басшысы қызметінің моделі мен бағыттары





Содержание

Введение	34
1 Особенности административных модулей системы электронного обучения	35
2 Методические рекомендации по работе с модулями «Планирование», «Расписание», «Контингент» и «Сотрудники»	45
3 Методические рекомендации по работе с модулями «Делопроизводство», «Отчеты» и «Дополнительное»	56
Заключение	59
Глоссарий	60
Список использованных источников	61
Приложение	62

Введение

В настоящее время в нашей республике идет активная реализация Государственной программы развития образования в РК на 2011-2020 годы, в которой одной из первоочередных задач является внедрение в организациях образования системы электронного обучения. Целью данной программы является обеспечение равного доступа всех участников образовательного процесса к лучшим образовательным ресурсам и технологиям.

Руководитель организации образования является координатором деятельности этой программы, как и управления, школой в целом, поэтому, содержание методического руководства охватывает методику использования системы электронного обучения для всей его профессиональной деятельности.

Структура методического руководства состоит из следующих модулей: Планирование, Расписание, Контингент, Сотрудники, Делопроизводство, Отчеты и Дополнительное. В каждом из модулей дается полное описание и методика работы системы электронного обучения по управлению школой. Например, рабочий учебный план составляется на основе базисного и типового учебных планов. Данный документ утверждается педагогическим советом общеобразовательной школы. На основании решения педагогического совета директором школы издается приказ об утверждении учебного плана. Далее утвержденный учебный план доводится до педагогического коллектива. На основе утвержденного учебного плана осуществляется распределение учебной нагрузки педагогических работников на текущий учебный год, составляется расписание учебных занятий общеобразовательного учреждения. По такому алгоритму работает модуль «Планирование».

Для описания каждого модуля использованы «Техническое задание информационной системы электронного обучения. Руководство пользователя директора и завуча школы». При описании каждого модуля учтен опыт работы руководителей общеобразовательной школы республики, где внедрена система электронного обучения.

1 Особенности административных модулей системы электронного обучения

